I МОДУЛЬ
ТАНЫСУ

# 5-сабақ
# Қайдасыз?

## 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

| | |
|---|---|
| үй | басшы |
| жұмыс | сарапшы |
| кеңсе | әріптес |
| жиналыс | сектор меңгерушісі |
| отырыс | жалпы отырыс |

Қайда?
- үйде
- жұмыста
- жиналыста
- кабинетте
- кітапханада
- отырыста

Жатыс септігі
-да, -де,
-та, -те

## 2. Жазыңыз, оқыңыз.



Әріптестер қайда?
Әріптестер жалпы отырыста.



Төраға қайда?
Төраға ________________.



Судья қайда?
Судья ________________.



Хатшы қайда?
Хатшы ________________.



LIVEWORKSHEETS

## 3. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Сіз қайдасыз? Мен { үйдемін / жұмыстамын / жиналыстамын / кабинеттемін



Мен үйдемін



Мен ..................



Мен ..................



Мен ..................



Мен ..................



Мен ..................

| | | |
|---|---|---|
| сот отырысы | кітапхана | жалпы отырыс |
| кабинет | үй | жұмыс |

## 4. Оқыңыз.

Тәуелдік жалғауы
III жақ + -нда, -нде

**Хатшы** Сәлеметсіз бе, Айдын Қайратұлы!
**Айдын** Қайырлы күн, Құралай!
Кеңсе меңгерушісі қайда?
**Хатшы** Кеңсе меңгерушісі кабинетінде.
**Айдын** Жақсы, рақмет.

## 5. Жазыңыз.

Кеңсе меңгерушісі қайда?
Кеңсе меңгерушісі __________ .
Айдын Қайратұлы қайда?
Айдын Қайратұлы
____________________ .
Хатшы қайда?
Хатшы ______________ .



LIVEWORKSHEETS

## 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

– Гаухар Қайроллақызы, сіз қайдасыз?
– Мен жұмыстамын.

– Заңғар, сен қайдасың?
– ______________________________ .

– Сектор меңгерушісі кабинетте ме?
– ______________________________ .

– Судья қайда?
– ______________________________ .

– Сарапшы жұмыста ма?
– ______________________________ .

– Жангелді, сен қайдасың?
– ______________________________ .

– Ақнұр жиналыста ма?
– ______________________________ .

кабинет

сот отырысы

үй

жалпы отырыс

жиналыс

сот кеңсесі

## 7. Тыңдаңыз, жалғауларын жазыңыз.

Мен кеңесте мін

Мен жұмыста ____

Сен үйде ____ бе?

Сен жиналыста ____ ба?

Сіз кабинетте ____ бе?

Сіз сот отырысында ____ ба?

Ол жалпы отырыста ____ ма?

Ол жұмыста ____ ма?

## 8. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| Мен ____ | а. жұмыстасыз ба? |
| Сен ____ | ә. үйдемін |
| Ол ____ | б. қайда? |
| Сіз ____ | в. жиналыстасың ба? |
| Сіз ____ | г. жиналыстамын |
| Ол ____ | д. кеңседе |
| Сен ____ | ж. сот отырысындасыз ба? |
| Мен ____ | е. кітапханадасың ба? |



LIVEWORKSHEETS

## 9. Үлгі бойынша жазыңыз.

Сен жұмыстасың ба?
Иә, жұмыстамын.
Жоқ, жұмыста емеспін.

Сен жиналыстасың ба?
Иә, ______________________ .
Жоқ, ______________________ .

Сіз кабинеттесіз бе?
Иә, ______________________ .
Жоқ, ______________________ .

Сіз сот отырысындасыз ба?
Иә, ______________________ .
Жоқ, ______________________ .

Сіз алқа мәжілісіндесіз бе?
Иә, ______________________ .
Жоқ, ______________________ .

## 10. Оқыңыз.

Ақнұр Сәлем, Гауһар!
Гауһар Қайырлы күн, құрбым!
Ақнұр Қалың қалай?
Гауһар Жақсы, рақмет. Өзіңнің қалың қалай?
Ақнұр Менде бәрі жақсы.
Гауһар сен қайдасың?
Гауһар Мен үйдемін. Өзің қайдасың?
Ақнұр Мен жұмыстамын.
Гауһар Кездескенше!





-Қайырлы күн, Руслан Тыныштықұлы! Мен жалпы отырыстамын, сіз қайдасыз?
-Қайырлы күн, Әмірхан Саятбекұлы!
-Мен сот отырысындамын.
-Жақсы, онда. Кездескенше!
-Көріскенше!

## 11. Сұхбат бойынша дұрыс (+)/бұрысын(-) белгілеңіз.

1. Ақнұр жұмыста. ( )
2. Гауһар үйде. ( )
3. Руслан Тыныштықұлы үйде емес. ( )
4. Руслан Тыныштықұлы жалпы отырыста. ( )
5. Әмірхан Саятбекұлы сот отырысында. ( )
6. Гауһар мен Меруерт – құрбылар. ( )



LIVEWORKSHEETS